

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Аралық аттестаттауға арналған бағдарлама сұрақтары

Пәні: «Медициналық көмек көрсету сапасын сараптау»

Пән коды: МККСС 4303

ББ шифры және атауы: 6В10111 «Қоғамдық денсаулық»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 150 сағат /5 кредит

Оқу курсы және семестрі: 4 курс, 7 семестр

Құрастырушы: аға оқытушы, Мугалбекова Ж.Е.

Хаттама № 16 « 26 » 06 2025 ж.

Кафедра менгерушісі:

М.Ғ.К., кауым.проф.



Сарсенбаева Г.Ж.

Аралық аттестаттауға арналған бағдарлама сұрақтары

1. Медициналық көмектің сапасын сипаттайтын негізгі компонент
2. Сапаны басқару жүйесінің басты мақсаты
3. Ішкі сараптама жүргізудің басты ерекшелігі
4. Медициналық көмектің сапасын бағалауда қолданылатын негізгі құжат түрі
5. Медициналық қателіктердің ең жиі кездесетін себебі
6. Пациент қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды тәсілі
7. Медициналық ұйымның аккредитациясы нені растайды
8. Сараптама жүргізудің бастапқы кезеңі
9. Пациентке бағдарланған тәсілдің басты мақсаты
10. Сапа сараптамасындағы ақпараттық технологиялардың рөлі
11. Медициналық көмектің сапасын сараптаудың негізгі мақсаты
12. Медициналық көмектің сапасын бағалау критерийлеріне кіретін ұғым
13. Медициналық сараптама жүргізудің қорытынды кезеңі
14. Медициналық ұйымдардағы ішкі аудиттің мақсаты
15. ҚЭК (Клиникалық-эксперттік комиссия) негізгі функциясы
16. Медициналық қызметтің сапасын арттырудың басты шарты
17. Сыртқы сараптама ұйымдастырушысының мысалы
18. Медициналық қателіктерді талдау кезінде қолданылатын әдіс
19. Пациент қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды элемент
20. Сапа сараптамасындағы этикалық принциптердің бірі
21. Медициналық көмектің сапасын бағалау кезінде қолданылатын негізгі әдіс
22. Медициналық қателік ұғымының негізгі сипаттамасы
23. Сапаны үздіксіз жақсарту қағидатының негізі
24. Медициналық ұйымдағы ішкі аудиттің нәтижесі
25. Пациенттердің медициналық көмекке қанағаттанушылығын бағалау әдісі
26. Сапаны басқарудың басты құралы
27. Медициналық сараптамада қолданылатын негізгі құжат түрі
28. Тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты
29. Сапаны бағалау кезінде қолданылатын көрсеткіш түрі
30. Сараптама жүргізудің тиімділігін арттыру тәсілі
31. Медициналық көмектің сапасын бағалау кезеңдерінің бірі
32. Медициналық көмектің сапасына әсер ететін негізгі фактор
33. Халықаралық деңгейде сапаны бағалау ұйымдарының бірі
34. Медициналық көмек сапасын басқарудағы негізгі принцип
35. Денсаулық сақтау ұйымдарындағы сапаны бақылау жүйесінің бөлігі
36. Пациент қауіпсіздігі мәдениетінің мәні
37. Медициналық қызмет сапасын бақылаудың құқықтық негізі
38. Аккредитациядан өтудің басты шарты
39. Клиникалық хаттамалардың басты мақсаты
40. Сапа сараптамасында қолданылатын негізгі ақпарат көзі
41. Медициналық көмектің сапасын бақылаудағы сыртқы сараптама мақсаты
42. Сараптама жүргізудің тиімділігін арттыру факторы
43. Пациентке бағдарланған тәсілдің басты қағидаты
44. Медициналық қателіктерді азайту үшін ең тиімді тәсіл
45. Медициналық көмектің сапасын бағалаудағы негізгі өлшем бірлігі
46. Медициналық сараптама барысында ақаулар анықталса не орын алады

47. Медициналық қызмет сапасын арттырудағы клиникалық хаттаманың рөлі
48. Ішкі аудит кезінде пайдаланылатын негізгі құрал
49. Сапа сараптамасының нәтижесін бағалау өлшемі
50. Медициналық көмектің сапасына жауапты негізгі субъект
51. Ауруханада пациентке инъекция жасау кезінде медбике дәрі мөлшерін қате есептеген, нәтижесінде асқыну пайда болды.
Сараптама қандай медициналық қателікті анықтады?
52. Стационарда сапа аудиті барысында науқастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін плакаттар мен нұсқаулар ілінбегені анықталды.
Қай сапа элементі бұзылған?
53. Тексеру нәтижесінде белгілі болды: кейбір науқастарға зертханалық талдау нәтижелері кеш берілген, бұл диагноз қоюды тежеген.
Мұндай жағдай сапаның қай критерийіне сәйкес келмейді?
54. Сараптама кезінде дәрігер науқастың шағымдарын толық жазбаған, медициналық картада ақпарат жетіспейді.
Қай ақау түрі орын алған?
55. Емдеу бөлімшесінде ішкі аудит жүргізген кезде персонал арасында сапа стандарттары туралы білім төмен екені анықталды.
Бұл қай жүйелік кемшілікке жатады?
56. Науқасқа операциядан кейін ауыр асқыну дамыды. Сарапшы анықтады: профилактикалық антибиотик тағайындалмаған.
Бұл жағдай қандай медициналық қателік түріне жатады?
57. Емханадағы сапа жөніндегі комиссия соңғы айда пациент шағымдарының көбеюін байқады.
Комиссияның ең дұрыс шешімі қандай болады?
58. Сараптама барысында науқасқа берілген ақпарат толық болмағаны, пациент өз құқығын білмейтіні анықталды.
Бұл сапаның қай қағидасының бұзылуы?
59. Тексеру кезінде дәрігерлердің науқастарды қабылдау уақыты тым қысқа екені анықталды, бұл диагноздың дәлдігіне әсер етуде.
Мұндай жағдай сапаның қай аспектісін төмендетеді?
60. Аурухана басшысы сапа көрсеткіштерін талдау кезінде ақаулардың қайталанатынын байқады, бірақ нақты шара қабылданбаған.
Бұл сапа жүйесіндегі қандай әлсіз тұсты білдіреді?
61. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес медициналық көмектің сапасы дегеніміз не?
62. Медициналық көмектің сапасын бақылау мен бағалау ҚР деңгейінде кімнің құзыретінде?
63. ҚР Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-173/2020 бұйрығына сәйкес сапаны бақылау неше деңгейде жүзеге асырылады?
64. ҚР заңнамасына сәйкес медициналық ұйым сапасын сыртқы бағалау нені қамтиды?
65. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте пациенттің негізгі құқығы қандай?
66. ҚР заңнамасына сәйкес медициналық көмек сапасын сараптаудың құқықтық негізі болып табылатын құжат қандай?
67. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің № ҚР ДСМ-ҚА-75/2021 бұйрығына сәйкес пациент қауіпсіздігі бойынша негізгі талап қандай?

68. ҚР заңнамасына сәйкес медициналық көмек сапасын қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі не болып табылады?
69. ҚР бойынша медициналық ұйымдарды аккредитациялауды жүзеге асыратын орган қандай?
70. ҚР заңнамасына сәйкес медициналық қызмет сапасын арттыру үшін ұйым қандай қағидатты ұстануы тиіс?
71. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 83-бабына сәйкес медициналық көмек сапасын бақылаудың негізгі мақсаты қандай?
72. ҚР заңнамасына сәйкес медициналық ұйым қызметін бағалау қандай көрсеткіштер арқылы жүзеге асырылады?
73. ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-173/2020 бұйрығына сәйкес ішкі бақылау қалай жүргізіледі?
74. ҚР заңнамасына сәйкес сыртқы сараптаманы жүргізу құқығына кім ие?
75. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі бойынша пациенттің міндеттерінің бірі қандай?
76. ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-75/2021 бұйрығына сәйкес пациент қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіне не кіреді?
77. ҚР бойынша аккредитациялаудың негізгі мақсаты не болып табылады?
78. ҚР заңнамасында медициналық көмек сапасын қамтамасыз етудің негізгі құралы ретінде не көрсетілген?
79. ҚР ДСМ-нің нормативтік құжаттарына сәйкес сапаны басқарудың негізгі қағидаттарының бірі қандай?
80. ҚР заңнамасы бойынша медициналық сараптама нәтижелері қайда тіркелуі тиіс?
81. Емханада жоспарлы тексеру кезінде анықталды: дәрігерлер пациентке берілетін ақпаратты толық түсіндірмейді, пациент өз құқығын білмейді. Бұл сапа жүйесінің қай элементінің әлсіздігін көрсетеді?
82. Сараптама барысында анықталды: науқасқа диагноз дұрыс қойылғанымен, емдеу хаттамасы сақталмаған. Мұндай ақау қай түрге жатады?
83. Перзентханада акушерлік бөлімде қолайсыз оқиға тіркелген, бірақ ол оқиға сапа жөніндегі комиссияда талқыланбаған. Бұл жағдай сапа жүйесінің қай принципінің бұзылуы?
84. Сарапшы пациенттің ауру тарихын тексеру кезінде: дәрігер талдау нәтижелерін уақтылы қарамағандықтан диагноз қою кешіккенін анықтады. Бұл сапа критерийлерінің қайсысына сәйкес келмейді?
85. Аудандық ауруханада ішкі аудит нәтижесінде пациент шағымдарының көбісі қызметкерлердің дөрекі қарым-қатынасына байланысты екені анықталды. Сапа жүйесінің қай бағыты күшейтуді қажет етеді?
86. Тексеру кезінде анықталды: хирургиялық бөлімшеде бір рет қолданылатын құралдар қайта пайдаланылған. Бұл қай сапа қағидасының өрескел бұзылуы?
87. Сапа жөніндегі сарапшы бір бөлімде пациенттерді тіркеу журналдары уақытында толтырылмайтынын анықтады. Бұл жағдайдың ықтимал салдары қандай?
88. Амбулаторияда пациенттің шағымы бойынша жүргізілген тексеру нәтижесінде: дәрігер медициналық қателікті жасырып, хабарлама толтырмаған. Бұл қай принциптің бұзылуы?

89. Сараптама кезінде анықталды: бөлім меңгерушісі ішкі аудит нәтижелерін талқылау үшін ұжыммен жиналыс өткізбейді.
Бұл сапа жүйесінің қай элементінің бұзылуы?
90. Емдеу мекемесінде пациентке медициналық көмек көрсету кезінде туындаған асқынулар бойынша ішкі тексеріс жүргізілген, бірақ оның нәтижесі тіркелмеген.
Бұл қай жүйелік кемшілікті көрсетеді?
91. Ауруханадағы ішкі аудит барысында анықталды: қызметкерлер медициналық қателіктер туралы мәліметті басшылыққа хабарламайды.
Бұл сапа жүйесінің қандай әлсіз жағын көрсетеді?
92. Стационарда пациенттердің 20%-ы емдеу сапасына шағым түсірген. Сараптама нәтижесі бойынша ақаулар бір бөлімде жиі кездескен.
Бас дәрігер қандай шешім қабылдауы тиіс?
93. Медициналық қызмет сапасын арттыру мақсатында аурухана басшылығы халықаралық ISO 9001 стандартына сәйкестендіруді жоспарлады.
Бұл стандарттың енгізілуі неге бағытталған?
94. Тексеру кезінде анықталды: бөлімшеде клиникалық хаттамалардың соңғы нұсқасы қолданылмайды.
Бұл жағдайдың ықтимал салдары қандай?
95. Сараптама нәтижесінде анықталды: пациенттің ауру тарихында дәрігерлік кеңес шешімдері хаттамада тіркелмеген.
Мұндай кемшілік неге әкелуі мүмкін?
96. Емхана басшысы қызмет сапасын арттыру үшін қызметкерлердің кәсіби даму жоспарын енгізді.
Бұл сапаны басқарудың қай қағидатына сәйкес келеді?
97. Сапа аудиті барысында анықталды: науқасқа тағайындалған ем клиникалық хаттамаға толық сәйкес емес.
Бұл сапаны бағалау кезінде қай аспектіден ауытқу болып саналады?
98. Медициналық ұйымның сапа жөніндегі комиссиясы соңғы талдауында пациент қанағаттанушылығы 20%-ға төмендегенін көрсетті.
Комиссияның ең орынды іс-әрекеті қандай болуы керек?
99. Сарапшы ауру тарихтарын тексеру барысында зертханалық нәтижелердің кей деректері сәйкес келмейтінін анықтады.
Бұл сапаны бақылау процесіндегі қай кезеңде ақау бар екенін білдіреді?
100. Медициналық ұйым аккредитациядан өтпей қалды. Сарапшылар анықтады: сапа көрсеткіштерін бақылау жүйесі жоқ, талдау жүргізілмейді.
Бұл ұйым қандай қағидатты бұзған?